

Бесқарағай жалпы орта білім беру мектебінде 2022 оқу жылында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды жүзеге асыру мақсатында «Айнамкөз» жеңгелер клубы құрылған. Айнамкөз жеңгелер құрамында 7 ата-ана жүйелі жұмыс атқаруда. Аталған клубтың басты мақсаты — отбасылық құндылықтарды сақтап, аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру, ата-аналардың жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастыру.

Біз отбасы құндылығына қатысты іс-шараларға жіті назар аударып келеміз. Клуб мүшелігіндегі жеңгелеріміз елімізде болып жатқан барлық жағымды жаңалықтарға, қоғамдағы өміршең өзгерістерге, идеялық-саяси, әлеуметтік-мәдени жұмыстарға, мемлекетіміздің бүкіл тыныс-тіршілігіне белсене араласып отырғандығы көңіл қуантады. Бұл жағдайларды Жеңгелер кеңесінің мүмкіндіктерімен үйлестіру — табысты тәрбиенің тағы бір негізі. Бала тәрбиесін отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыру мақсатында жүзеге асыру екі жаққа да тиімді тәсіл болып табылары сөзсіз. Өйткені біз болашақ отбасын бала күнінен тәрбиелеуіміз керек. Қыз бала тәрбиесі — ұрпақ тәрбиесі, қоғам тәрбиесі екендігін жұрт жете түсінеді

«Шеберлікте шек жоқ» бағытында қыздар қолөнер түрлерін жасап, ісмерліктің қыр-сырымен танысады. «Қыз балаларға кеңесте» түрлі тәрбиелік, танымдық, ар-оджанға қатысты ақыл-кеңестер беріледі.







